# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2024 жылғы 4 қазан № 4360-24-00-2/2339 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Қызылорда облысы әкімдігінің іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
«МАТАІ» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Ақерке Абдуахитқызы Айтқали

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыппұлын өндіру

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-3, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

**ШЕШІМ ЕТТІ**:

Талап қоюшы «Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Қызылорда облысы әкімдігінің іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер«МАТАІ» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Ақерке Абдуахитқызы Айтқали мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «МАТАІ» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Ақерке Абдуахитқызы Айтқалидан мемлекет кірісіне 5 320 (бес мың үш жүз жиырма) теңге тұрақсыздық айыбы және 2 006 (екі мың алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 10.10.2024
Заңды күшіне енген күні: 19.11.2024, судья Әбілқайысқызы А., 20.11.2024

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.Әбілқайысқызы

көшірмесі дұрыс

Судья А.Әбілқайысқызы

Анықтама:

Шешім заңды күшіне енді «19» қараша 2024 жылы.

Судья А.Әбілқайысқызы

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 10.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 19.11.2024, судья Әбілқайысқызы А., 20.11.2024

4360-24-3-1/2447